



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№26
(20300)



СУБЕЛІ СӨЗ

- Асыңа тойғызбасаң да, Ақ ниетіңе тойғыз.
- Тойған ас түске жетпес, Пейіл естен кетпес.
- Пейіліңді кенге сал, Қырманыңды дөңге сал.

17 ақпан, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

Ұлттық банк төрағасын қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады.

Мемлекет басшысына инфляцияны болдырмау жөніндегі ақша-кредит саясатының іске асырылу барысы, сондай-ақ сыртқы және ішкі секторлардағы негізгі тәуекел-қатерлерді ескере отырып, бағаның өсуін тұрақтандыруға бағытталған Ұлттық банктің жоспары жөнінде баяндалды.

Президентке валюта және ақша нарықтарындағы ахуал, елдің алтын-валюта резервтерінің жай-күйі, сондай-ақ былтырғы төлем теңгерімін алдын ала бағалау туралы есеп берілді.

Ғалымжан Пірматов Ұлттық банктің негізгі мандаты саналатын қаржы және баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған пайымы мен жоспарын ұсынды.

Президент Ұлттық банктің 2022 жылға арналған жоспарымен танысқаннан кейін бірқатар нақты тапсырма берді.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Түркістан облысының әкімі Әміржан Шөкеевті қабылдады.

Президентке 2021 жылы Түркістан облысында атқарылған жұмыстар туралы есеп берілді.

Әміржан Шөкеевтің айтуынша, экономиканың негізгі көрсеткіші – жалпы өңірлік өнім көлемінің өсімі былтыр 2020 жылмен салыстырғанда 4,7 пайызға артқан. Ауыл шаруашылығы саласында 906,5 миллиард теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 101,7 пайызды құраған. Бұл нәтиже облыстың республикадағы үлесі бойынша екінші орынға шыққанын көрсетеді. Аймақ әкімі «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 315 жоба қаржыландырылғанын айтты.

Президентке өңірдегі құрылыс қарқынның артқаны туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысында атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға бере отырып, қолға алынған жобаларды жалғастыруды және халықпен тығыз жұмыс істеу мәселесін күшейтуді тапсырды.

Жалдағы пәтер ақының жартысы төленбек жеңілдік кімдерге тиесілі?

«Әлеуметтік жағдайы нашар топтар үшін пәтерді жалға алу шығынының 50 проценті мөлшеріндегі субсидия мемлекеттен төленеді. Тұрғындар отбасылық бюджеттің артылған ақшасын азық-түлік, білім алу, медицина және тағы басқа қажеттіліктеріне жұмсай алады» – деді Президент Үкіметтің кеңейтілген отырысында. Президент бастамасы бойынша өтінімдерді қабылдау 5 сәуірден басталамақ. Кімдердің пәтер шығыны төленеді? Қандай құжаттар қажет? Оқырмандардан жиілен кеткен сауалдарды «Отбасы банк» АҚ облыстық филиал директоры Әділжан Сәулебаева қойды.

– Пәтер жалдау төлемдерін субсидиялау қалай жүзеге асады?

– Тұрғын үйді жалға алатын азаматтардың жекелеген санаттары бар және олардың негізгі қажеттілігі – лайықты жағдайда өмір сүру. Олардың табысы бастапқы жарна жинақтау үшін аз. Қазақстан бойынша баспананың орташа құны 10 млн теңге деп есептесек, 50 млрд теңге қаражатқа жалға беру мақсатымен жылына 5 мың пәтер салуға болады. Жана құрал ай сайын орта есеппен 120 мың теңгеге баспана жалдап тұратын 70 мың отбасын қамтып, олардың жалдау ақысын 50% өтемақы арқылы жабуға мүмкіндік беріледі. Бұл қаржы тұрғын үй жалдайтын жекелеген отбасыларға бюджет қаражаты есебінен өтеусіз негізде берілетін өтемақы түріндегі мемлекеттік қолдау. Тұрғын өзі жалға алатын пәтер ақысының 50%-ін бюджет қаражаты есебінен төлеуге мүмкіндік алады. Егер мұқтаж отбасы пәтерді 120 мың теңгеге жалға алса, онда 60 мың теңгені өз қаражаты есебінен төлейді және 60 мың теңге бюджет қаражаты есебінен өтеледі. Ескеретін жайт, бұл төлемдер коммуналдық төлемдерді қамтымайды.

2-бет



Ашықтық үдерістерді ілгерілетеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбідровті қабылдады.

Мемлекет басшысына Орталық сайлау комиссиясының сайлауаралық кезеңдегі қызметінің басым бағыттары таныстырылды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа ауыл, кент, ауылдық округ, аудандық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау науқанын өткізуге қатысты өңірлердегі сайлау органдарының жұмысы туралы баяндалды.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент Орталық сайлау комиссиясына сайлауаралық үдерістердің заңға сәйкес толық ашық болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Сондай-ақ кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстандағы елшісі Мұхаммед Саид Мұхаммед Әл-Ариқиді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Әмірліктер арасындағы стратегиялық серіктестіктің даму перспективалары талқыланды. Маңызды салалардағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты жандандыруға баса мән берілді.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы достық пен өзара тиімді қарым-қатынастарды дәстүрлі түрде одан әрі нығайтуға ниетті екенін атап өтті.

Біріккен Араб Әмірліктерінің елшісі кездесуге мүмкіндік бергені үшін Қазақстан Президентіне ризашылығын білдіріп, ел елінің ежіктағы ынтымақтастықты кеңейтуге және бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

● ТАҒЫМ

Ерлік ұмытылмайды

Кенес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толды. Атаулы дата аясында облыс әкімі Гүлшара Әбіқалықова Ауған жерінде интернационалдық борышын өтеу барысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алу митингісіне қатысты.

Шараға ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, үкіметтік емес ұйым мүшелері мен жастар ұйымының белсенділері шақырылды.

Еске алу жиыны бір минуттық үнсіздікпен басталды.

Аймақ басшысы тарихтағы аса қасиетті кезеңнің бірі, жастық шағын туған жерден тыс майдан даласында өткізген азаматтардың ерлігін дәріптеу бүгінгі ұрпақтың парызы екенін еске салды.

– Кеңестік кезеңде интернационалдық борышын өтеу мақсатында қаншама жүздеген жастық жас Ауған жерінде әскерде болды. Еліміз бейбіт күнде тыныстап жатқанда, жастарымыз сырт жерде от пен оқтың ортасында жүрді, кейбірі елге оралмады.

Ауған соғысы ардагерлері, шейіт болған сарбаздарымыз азаматтық пен батырлықтың биік үлгісін көрсетті. Отан алдындағы парызын адал өтеді. Ерлік ешқашан ұмытылмайды. Сіздердің ерліктеріңіз ел есіне мәңгі сақталады, – деді облыс әкімі.



Мұнан соң «Ауғанстан соғысының ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайратдин Баймаханов сөз алып, естеліктерін бөлісті. Ескерткішке гүл шоқтары қойылып, майданда қаза болған сарбаздардың рухына құран бағышталды.

Айта кетейік, әскери қақтығыстарға Сыр өңірінен 857 адам қатысып, 18 адам қаза тапты. Облыс көлемінде 667 Ауған соғысының ардагері

бар. Оның ішінде 52-сі – мүгедек. Сонымен қатар, Ауған соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 2012 жылдан бастап аудандық, қалалық мәслихаттардың шешімімен жылына бір рет 30 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсету қарастырылған. Быыл мамыр айында 568 адамға 52,2 млн теңге төленбек.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚОРДАН БАҚЫР БҰЙЫРСА, ТОЙ ЖАСАМАҚ

пендешілік пейілдің бұл қай көрінісі?

Кейде біздің қоғам мүшелерінің кейбір қисынсыз әрекеттеріне қайран қаласын. Мұны жақында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша құрылған «Қазақстан халқына» қорынан той жасауға, үй алуға және несенің төлеуге көмек сұраған адамдарға қатысты айтып отырмыз. Сонда олар бұл өтініштердің қисынға соқпайтынын шын мәнінде білмей ме, әлде «тисе терекке, тимесе бұтқаққа» дегеннің кері ме екен?

Сб Ыдырас ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Бұл ұзынқұлақтан естіген әңгімеміз емес, «Қазақстан халқына» қорының ресми өкілі Әлібек Әліповтың «үй, көлік сатып алу, несие және басқа да қаржылық займдар бойынша міндеттемелерді төлеу, отбасылық іс-шаралар мен мерекелік шаралардың қаражатын өтеу туралы өтініштер әлі де түсуде» деген мәлімдемесін оқығаннан кейін қозғап отырғанымыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 11 қаңтарында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында:

«Әлеуметтік әділдік те маңызды мәселенің бірі болып қала береді. Қазақстан – Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет. Мемлекет аз нәрсе тындырып жатқан жоқ. Республикалық бюджеттің 50%-тен астамын әлеуметтік шығындар құрайды. Бірақ бұл жеткіліксіз. Бізде Ұлттық қор бар, ол – еліміздің қаржылық тірегі. Бүгін «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қорын құруды тапсырамын. Ол денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы өзекті мәселелерді шешумен айналысады. Мысалы, сирек ауруға шалдыққан балаларға көмек көрсетіледі. Ойтыңкі көптеген отбасы емдеу ақысын төлей алмайды. Қалаларда, аудандарда, кенттер мен ауылдарда балаларға спорттық нысандар салынады. Дарынды балаларға көмек көрсетеміз. Мәдениетті қолдаймыз. Алматының сұмдық қасіретті оқиғадан оңалуына көмектесеміз. Осы қор есебінен қаза тапқан полицейлер мен әскери қызметшілердің отбасыларына қолдау көрсетеміз» дегені белгілі.

Мемлекет басшысы сонымен қатар ол Президенттің, Үкіметтің немесе басқа мемлекеттік органның қоры емес, барша қазақстандықтардың қоры, халықтық қоры болатынын атап өтіп, жаңа Әкімшіліктің немесе Үкіметтің жанында жұмыс істейтінін, беделді байқаушылар кенесі құрылып, адал да жауапты басшы тағайындалатынын жеткізген еді.

Көп ұзамай аталған қор құрылып, оның басқарма төрағасы болып еліміздегі қаржы саласының мықты мамандарының бірі Болат Жәмішев тағайындалды. Ол алғашқы сөзден Президенттің қор қызметінің толық ашықтығын, қоғам алдындағы есептілігі мен бақылануын қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындауды қолға алды. Бұл мақсатта «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қорының арнайы сайты ашылды.

– Қорға қаржы аударған әр адамның оның қайда жұмсалып жатқаны туралы білуге толық құқығы бар. Қордың жұмысы ашық жүргізіледі. Қызметіне қатысты барлық ақпараттар біздің сайтта жарияланады, яғни, қанша қаржы түсіп жатыр, ол қайда жұмсалып жатыр барлығы ашық көрсетіледі. Ашықтық – біз көздеп отырған басым бағыттың бірі, – деді Б.Жәмішев.

«Қазақстан халқына» қорының қамқоршылық кеңесі құрылғаннан кейін қордың негізгі міндеттерін көрсететін тұжырымдаманы, мақсатын және қағидаттарын бекітті. Жаңадан құрылған қор қызметінің ашықтығы мен айқындылығы қағидаттарын ұстанды.

Құжатқа сәйкес, қордың қызметі болашақта аурулардың және мүгедектіктің ықтималын болдырмау мақсатында сәбилерге медициналық қызмет көрсетуді дамытуға және оның қолжетімділігін арттыруға жардемдесуге, спорт және білім беру инфрақұрылымы, сондай-ақ балаларға арналған басқа да әлеуметтік маңызы бар қызметтерінің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Сондай-ақ қор мүгедек, науқас немесе әлеуметтік бейімделу проблемалары бар баланы асырап алған, қорғаншылық немесе патронаждық тәрбиені ұйымдастырған отбасыларға көмек көрсетумен және аз қамтылған отбасылардағы балаларға көмек көрсету үшін мектептермен өзара іс-қимыл жасаумен айналысады.

2-бет



«Белкөлдiң» балалары бос жүрмейдi

Осыдан бір жыл бұрын Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажеттігін баса айтқан болатын. Әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажеттігін тапсырғаны есімде.


Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

«Балалар үйірмесі қызметін қайта қалпына келтірген жөн. Онда жастарымыз колонердің және шығармашылықтың бастапқы негіздерімен танысар еді. Бүгінгідей ауамалы-төкпелі заманда олардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды» делген Президент Жолдауында.

Иә, салауатты өмір салтын ұстанатындар қатары көп. Әсіресе жастайынан спортты серік еткендердің ден-

саулығы мықты болары анық. Осыны ескерген Белкөл кентінің тұрғыны Руслан Алматы спорт кешенін ашыпты. Мұнда қазір 300-ге жуық 5-17 жас аралығындағы жеткіншек түрлі спорт үйірмелеріне қатысады.

«Өсет» ЖК директоры Руслан Алматы 2018 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту және жергілікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» арқылы 18 миллион қаржы алып, кешен құрылысын



салған. Қазірде қаратә-до, дзюдо, еркін күрес, шахмат, бокс, үстел теннисі, тағы басқа осы секілді спорттың 8 түрі бойынша үйірмелер ақысыз негізде жұмыс істеп тұр.

– Өзім спортқа біртабан жақын

адаммын. Ауылдағы қарадомалқтардың бос сенделіп жүргенін, не телефонға тәуелді спорттың бір жерде отыра бергенін қаламаймын. Салауаттылықты насихаттау бір бөлек те, оны іс жүзінде асыру тіпті басқа.

Сондықтан осындай тәуекелге барып, 6 процентпен қаржы алып, жобаны бастап кеттік. Нәтижесі жаман емес. Еесіне, үйірмеге қызығушылық танытып, қатысушылар күн сайын артып келеді. Сонымен бірге 12 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырмыз. Олар – 8 тренер және 4 техникалық жұмысшы. Балалардың ынта-ықыласы зор. Алдағы уақытта түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болады деп сенемін, – дейді Р.Алматы.

Кәсіпкер сәуір айында шағын футбол, жабық волейбол, баскетбол аландарын салуды жоспарлауда. Бұл – балғындардың қысы-жазы спорттан қол үзбеуі үшін жасалып жатқан тірліктің бір парасы. Сондай-ақ, үлкендердің де спортпен айналысуы үшін ақылы негізде үйірмелер ашу – уақыт еншісіндегі жұмыс.



«Қамқорлық» қамқорлығын аямайды

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова көпбейінді облыстық балалар ауруханасы жанынан ашылған «Қамқорлық» оналту орталығының жұмысымен танысты.

Sb Айгүл БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Жыл басынан іске қосылған орталық 60 төсекке арналған. Мұнда неврологиялық, кардиологиялық, травматологиялық және туа бітті сал ауруымен ауыратын, яғни, оналту ем шарасын қажет ететін балалардың ем алуына барлық жағдай жасалған. Бұрын мұндай науқастар республикалық деңгейдегі оналту орталықтарына барса, енді олар сол емді осы жерден-ақ алады. Мұндай орталық бізден басқа республика көлемінде Жамбыл, Алматы және Түркістан облыстарында бар.

Орталық барлық қажетті заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталып, мамандармен қамтылған. Мұнда неврологиялық ақаулары бар, жаракаттан кейінгі жағдай-



дағы, кардиохирургиялық және нейрохирургиялық операциядан кейінгі науқастар екі кезең бойынша ем алады. Екінші кезең бойынша 10 күн,

үшінші кезеңдегілер 21 күн емделеді. Әр науқастың ерекшелігіне байланысты арнайы ем шаралар тағайындалады, — дейді аурухана бас дәрігерінің орынбасары Шәрипа Әлиева.

Орталықта науқастардың жоғары сапалы ем алуына мүмкіндік беретін сумен емдеу жүйесі, яғни, бассейндер, емдік денешынықтыру кабинеттері, гимнастика, массаж бөлмелері, тұзды шахта бар. Мұндағы бір ерекшелік — келушілер стационарлық және амбулаторлық жағдайда да, яғни, күнделікті үйінен қатынап ем алады. Қазіргі кезде 44 бала емделуде.

Орталық жұмысымен танымал аймақ басшысы балалардың ата-аналарымен жүздесіп, емдеу орнының қызметі жөнінде пікірлесті.

Өз кезегінде ата-аналар да ризашылығын білдіріп, алғыстарын айтты.

— Оналту орталығының ашылғанына өте қуанып қалдық. Немерем осында ем алып жатыр. Туа бітті науқас болды. Көп қиындық көрдік. Басына ота жасалған. Қазір жеті жаста. Бірінші сынып оқушысы. Үйден оқиды. Әлі де көп емді қажет етеді. Мұнда бәрі жаңа, заманауи құрал-жабдықтар өте көп, тап-таза, кең бөлмелер балаларға да, өзімізге де ыңғайлы. Балаларымыз ауруынан айғып шыға берсін деп тілеймін. Осындай жағдай жасап берген ел азаматтарына көп рахмет, — дейді Шиелі ауданы Бөйгеқұм ауылының тұрғыны Күлбазар Піржанова.



Ауыл тұрғындарының мәселесі оң шешілді

Осыдан біршама уақыт бұрын Шиелі ауданы Бидайкөл ауылдық округінің тұрғындары «аудан орталығымен қатынасымыз қиындады» деп, «Астана» телеарнасына шағымданған болатын. «Шиелі кентіне қатынасымызға екі ортадағы ескі көпірдің апатты деп танылып, бұзылуы кедергі болып отыр» дейді олар.



Ауыл тұрғындарының тапталатын мәселесі оң шешілді. Бұл мәселені «Nur Otan» партиясы Шиелі аудандық филиалы дереу қолға алды.

Аудандық филиалдың жанындағы партиялық бақылау комиссиясының мүшелері көпір құрылысын жүргізіп жатқан мердігер мекеме өкілдерімен кездесіп, жұмыс барысына талау жасады. Бұзылған көпір — Бидайкөл, Ақтам, Қарғалы елді мекендерінің 5 мыңға жуық тұрғынын аудан орталығымен байланыстырады. Бұрынғы көпір сонау 1960 жылдары салынған, бүгінде жарамсыз күйде. Тәуелсіз сарапшылар жүк көтергіштік қабілеті төмендеп, жарықтар

пайда болған көпірге «апаттық жағдайда тұр» деген қорытынды берген соң жаңа көпір құрылысының жұмысы қолға алынды. Құрылыс биылғы тамыз айында аяқталады деп жоспарланып отыр.

Партия өкілдері ауыл тұрғындарының талап-тілектеріне сәйкес, уақытша өткел салу мәселесін тапсырыс беруші облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мен бас мердігер «Стандарт Ойл» КЗО» ЖШС өкілдерімен кездесіп, мәселені шешу жолдарын қарастырды. Ауыл тұрғындарының мәселесі оң шешімін тауып, уақытша өткел халық игілігіне берілді.

Енді жаңа көпір құрылысының сапалы және уақытты халық игілігіне берілуі де партия назарында болады.

«СБ» ақпарат

ҚОРДАН БАҚЫР БҰЙЫРСА, ТОЙ ЖАСАМАҚ пендешілік пәйілдің бұл қай көрінісі?

Тізімге Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау немесе адамдардың өмірін сақтап қалу және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету кезінде қайтыс болған немесе ауыр жаракат алған құқық қорғау органдары, арнайы органдар, ҰҚК қызметкерлерінің отбасыларына, әскери қызметшілеріне, төтенше жағдайлар кезінде зардап шеккен адамдарға қолдау көрсету кіреді.

Бұл қызмет бағыттарын қамқоршылық кеңес бекітті, ал басқа салалар қор қызметіндегі басым бағыттарға жатпайды. Сондай-ақ, біз азаматтардың қаржылық проблемалары болуы мүмкін екенін түсінеміз. Алайда бұл мәселелердің барлығын қор шеше алмайды. Сондықтан тұжырымдамада көрсетілген қызмет бағыттарын мұқият оқып

шығуыңызды сұраймыз, — деді «Қазақстан халқына» қорының ресми өкілі Әлібек Әбділов.

Қор құрылғаннан бері ірі корпорациялар, қаржы құрылымдары, кәсіпкерлік нысандары секілді заңды тұлғалар және жеке тұлғалар демеушілігін қосқанда барлығы 115 млрд теңгеден астам қаржы түсті. Ал келіп түскен саны 13 мыңнан асты.

Қорға демеушілік жасауға ниет қылған тұлғалар немесе көмек сұраған азаматтар қаржы аудару тәсілдерін немесе өтініш беру жолдарын «qazaqstanhalqyna.kz» және «atamekenim.kz» сайтынан оқып таныса алады. Жалпы «Қазақстан халқына» қорының арнайы сайтынан қордың тұжырымдамасы мен қағидасы, мақсаты және міндеті, көмек көрсету бағыттары туралы толыққанды ақпарат алуға болады. Сондай-ақ демеу-

шілер тізімі мен түскен қаржы көлемі туралы мәліметтер бар.

Мақаланың басында қордан өз мақсаттарына (қаржыны жабу, тойын жасау, үй сатып алу және т.б.) қаржылай көмек сұраған адамдардың әрекеттеріне қызыл жұлдыз берілген еді. Ол ештеңе емес екен. Мұндай өтініштер білместіктен туындауы да мүмкін. Ал келесі әрекеттер адамдардың ашу-ызасын тудыратыны анық. Дұрысын айтқанда қылмыстық әрекеттер.

Қайырымдылық ұйымдарының бірыңғай платформасын пайдаланып, қазақстандықтар атына несие рәсімдеуге талпынуға тырысқан алаяқтар пайда болуда. Тек демалыс күндері «Атамекен» ҰҚП байланыс орталығына осындай шағымдармен 250 адам жүгінсе, 7 ақпанда осы тектес тағы 186 қоңырау түскен. Өтініштердің бірінде Шымкент қаласының тұрғы-

ны «atamekenim.kz» сайтында көмекке өтініш беріп, барлық мәліметті толтырғаннан кейін экранда несиенің сәтті өңделгені туралы ақпарат пайда болған, содан кейін оған одан әрі ақшалай несие рәсімдеу туралы ұсыныспен бейнеқоңырау түскен. Дәл осындай оқиға Өскеменде де қайталаныпты. Онда қала тұрғынына электронды үкіметтің жалған порталы атынан SMS-хабарлама жіберіліп, одан кейін ақшалай көмек түрінде 1166000 теңге алу үшін жолданған SMS кодын атауды сұраған алаяқ телефон соққан.

Қордың әлеуметтік желідегі мессенджерлеріне «Қазақстан халқына» қоры атынан телефон соққан алаяқтар телеуәде еткен 42000 теңге көлеміндегі әлеуметтік жәрдемақыға қатысты сұрақтар келіп түскен.

— Қор мессенджерлер арқылы бейне немесе аудиоқоңыраулар

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай салтанатты іс-шара өтті. Оған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысты.

Sb Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Ерлік даңқы өшпейді

Ауғанстан жеріне интернационалды борышын өтеуге елімізден 22 мың сарбаз аттанып, оның 942-сі елге оралмады. Біздің облыстан 827 азамат қатысып, оның 18-і қаза тапқан.

— Қазақ қашанда «Ер — елдің қорғаны» деп, ер азаматтың қоғам алдындағы биік бағасын асырып, мерейін тасыта білген халық. Бүгін сол сұрапыл жылдардың күесі, батыр ағаларымыз ортамызда. Сіздерге құрмет көрсету — біздің парызымыз. Тәуелсіздік — Қазақстан халқы үшін қастерлі ұғым, өшпейтін құндылық. Біз үшін тәуелсіздіктен асқан байлық жоқ. Сондықтан елдегі бірлік пен берекенің бесігін тербетіп, жақсылықтың жарышындай болған өздеріңізге айтар алғысымыз шексіз. Ерлік ел есінде мәңгі сақталады. Тәуелсіз еліміздің жас буынын патриоттық рухта тәрбиелеуде сіздер әлі де талай еңбек атқара берелі деген сенімдемін, — деді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы.

Сала басшысы Ауған соғысының ардагерлеріне облыс әкімінің Алғыс хатын табыс етті. Мұнан соң «Ауған соғысының ардагерлері ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайрадин Баймаханов қаруластарын мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

— Отанын оттан қорғаған, оқ борап тұрған соғыс даласында ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, жат жұртқа шейіт болған-дарды ұлықтау — біздің міндетіміз. «Ер елсіз болмайды, ел ерсіз болмайды» деген дана халқымыз. Батырлардың рухы асқак. Ерлігі жастарға үлгі, — деді ол.

Салтанатты шарада №66597 әскери бөлім командирі, тәрбие және идеология жөніндегі орынбасары Арсылан Әбиев Қызылорда гарнизоны бастығының Алғыс хатымен әскерилерді марапаттады. «Қарулы Қуштердің Ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі атынан жапастағы подполковник Мыңділдә Сағидуллаулы лебізін жеткізіп, ардагер Ким Станислав пен Талғат Жакебаевқа құрмет көрсетті.

Іс-шара соңы облыстық филармония мен қалалық мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.



Жалдағы пәтерақының жартысы төленбек жеңілдік кімдерге тиесілі?



— Бұл арада қарапайым ғана сұрақ туалы, жекеңің үйің жалға алғаннан, сатып алу құқығымен немесе жалға берілетін тұрғын үй салған тиімді емес пе?

— Жылына 50 млрд теңге бөлінеді. Бұл қаржыға белгілі бір қатан шарттар шеңберінде таңдалған 5000 отбасыны қамтуға болады немесе 70 мың отбасына қамту. Таңдау әлбетте максималды қамту пайдасына жасалады. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «Отбасы банк» АҚ-на әкімдіктер қалыптастыратын, бірыңғай республикалық электрондық базасындағы тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың тізімін Банктің сұратуы бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді.

— Сонда кімдердің пәтер ақысының жартысы төленбек?

— Бірыңғай республикалық электрондық базадағы тұрғын үй кезегінде төмендегі төрт санат бойынша тұрған азаматтар қатыса алады. 1 және 2 топтағы мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар, көмектесу қажетті деңгейдегі ата-анасынан айырылған, жиырма тоғыз жасқа дейінгі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар. Сонымен қатар, «Алтын алқа», «Күміс алқамен» наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған қолбалалы аналар және отбасылар. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан баспана жалдау кезінде бұл төлемдер жүзеге асырылмайды, яғни сатып алу құқығысыз жалға берілетін үйде тұратын азаматтар бұл бағдарламаға қатыса алмайды.

— Қандай талаптар қойылады?

— Үміткерлердің әкімдіктерде тұрғын үйге мұқтажлар есебінде тиісті мәртебесінің болуын «Отбасы банк» АҚ мемлекеттік деректер базасымен бірігу арқылы айқындайды. Өтініш берушіге қойылатын негізгі талап — отбасының томен табысы. Отбасының соңғы 6 айдағы жиынтық табысы отбасының әр мүшесіне шаққанда 36 018 теңгеге төменгі күнкөріс деңгейінен аспауы тиіс. Мысалы жұмыс істейтін әкесінің жалақысы 250 мың теңгеге тең қолбалалы отбасының алайық. Жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарналарын төлегеннен кейін, жан басына шаққандағы отбасы табысы шамамен 33 мың теңгеге тең. Яғни бұл отбасы ағамызын төлемді талап ете алады деген сөз. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде соңғы 6 айда алынған табыс ескерілмей және табыстың үш тобы қамтылады. Бірінші — еңбекақы түрінде алынатын табыстар. Еңбекке ақы төлеу жүйесіне сәйкес жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімдік, сондай-ақ сыйлықақылар, қосымша ақылар, үстем-ақылар, сондай-ақ, ынталандырушы ақша түріндегі және өтемақы төлемдері. Олардың мөлшері БЖЗҚ-на аударымдар негізінде айқындалатын болады. Екінші — мемлекеттік атауды әлеуметтік көмекті қоспағанда, зейнетақы төлемдері және әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын кірістер. Үшінші — кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер салық декларациялары негізінде айқындалатын болады.

— Бағдарламаға қатысу қалай іске асады?

— Электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып, электрондық өтініш бергеннен кейін «Отбасы банк» мемлекеттік деректер базасын пайдалана отырып, үміткердің белгіленген шарттарға сәйкестігін аз уақыт аралығында тексеріп, төлемді тағайындау немесе бас тарту туралы жауап ұсынады. Бұл ретте «Отбасы банк» АҚ-ның ұсынылған құжаттарды қарау және тексеру мерзімі 10 жұмыс күнінен аспайды. Жалға алу келісім-шарты арнайы үлгі бойынша «Отбасы банк» АҚ платформасында жасалады және оған жалға алушы мен жалға беруші қол қояды. Жалға алу келісім-шарты бұзылған немесе тоқтатылған кезде, жалға алушы «Отбасы банк» АҚ-на жүгініп, келісім-шарт бойынша төлемдерді басқа жалға берушіге тағайындау туралы өтініш жолдай алады. Төлем өтініш берушінің отбасы мұқтаж топтардың төрт санатының ешқайсысына жатпаса немесе отбасының әр мүшесіне шаққандағы табыс 36018 теңгеден асып кетсе тағайындалмайды. Тексеруден сәтті өткен үміткерге «Отбасы банк» АҚ төлемдерді тағайындап, оны жалға берушінің келісім-шартқа көрсетілген шотына аударыды. Алайда бұл әрекет орында-луы үшін жалға алушы жалдау ақысының 50%-ін арнайы ағымдағы шотта болуын қамтамасыз етуі қажет. Төлемдер жалдау шартының әрекет ету мерзімі ішінде ай сайын, қолма-қол ақшасыз аударылады.

— Жақын адамның пәтерін жалға алса бола ма?

— Үйлі жақын туыстары мен жұбайларынан, оның ішінде бұрынғы жұбайлардан, сондай-ақ, ерлі-зайып-тылардың жақын туыстарынан жалға алуға болмайды. Жақын туыстарға: ата-аналары, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-іншілер мен апа-сінділер, аталар, әжелер, немерелер жатады. Жалға берілетін тұрғын үйдің отбасының құрамына қарай төлем жасауға рұқсат етілген жалпы алаңдары бар. Мысалы саны 1-ден 3-ке дейінгі отбасы мүшелері үшін 40 ш.м. артық емес, 4-тен 5-ке дейінгі отбасы мүшелері үшін 60 ш.м., ал саны 6 және одан көп отбасы мүшелері 80 ш.м. аумақты жалға ала алады. Үлкен аумақты жалға алу кезінде, жалға берілетін тұрғын үйдің ауданына көрсетілген өлшемдердің 50%-і ғана төленеді. Төлемдер осы тармақта көрсетілген жалға берілетін тұрғын үйдің ауданы мен отбасының сандық құрамының өлшемдерін ескере отырып жүргізіледі.

Сұхбаттасқан Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

М.ӘМІРЕҰЛЫ – 80

Сегіз белес

Ғұмырғастан

Өмірің өтеді екен қас-қағымда, Кеңе еді дүние есігін ашқаным да. Ал бүгін сексен деген бір биіктің, Алқынбай шығып тұрмын асқарына.

Демеймін мұны армандап, қиялдапым, Жөк әрі қалап, тандап, сұранғандым. Демеймін мен мұны ұлы Жаратушы, Айрықша маған деген сыйы Алланың.

Жүретін, тірі жанға жүгіретін, Жасайтын жақсылықтың бір ретін. Қашанда қамқорлығы сансыз, шексіз, Алланың айту парыз құдіретін.

Кеудемнен шыққаныңша шыбын жаным, Көрем де таланыма бұйырғандым. Бір Алла Жарықаушы, Жаратушым, Бір Алла сенгенім де сыйынғаным.

Не жазар тағдырыма, таланыма, Бақытым, бағым лаулап жанады ма. Көремің не көрсем де бір Алладан, Алланың ризамын қалауына.

Төмендеп, кейде биік аспандаймын, Шалқимын, кейде мені басқандай мұң. Шалдығып, енді бірде шаршап, талып, Сексенде сегіз құрдан асқандаймын.

Сексен жас сегіз биік емес пе екен, Әде о жақтан жеті белес пе екен. Ой тоқтап, әкең зулап өмір жайлы, Көп жайды көз алдыма елестетем.

Сексенің сегіз онға бөлінеді, Әр он жыл бір белес боп көрінеді. Жасалған жағдайы, жайы бөлек, Әр он жыл өзгеше бір өмір еді.

Жас сәбиі кеше ғана емес пе едім, Белгілі жылдарменен тең өскенім. Сексен жыл сегіз он жылдан тұрады ғой, Мен үшін әр он жыл бір белес едім.

Сегіз он жыл сегіз белес өмірде, Жетелеп қалдырмаған мені бірге. Сол өткен жылдар мені өмір жайлы, Жыр туды толқып менің көңілімде.

Бірінші белес

Алғашқы он жыл сәбиі емесім бе, Тұңғышы өткен сегіз белестің де. Қайтандан бүгін тағы орамың, Есімде қалған ескі елесі күңге.

Туыпмын қырық екінің ақпанында, Әлемдік соғыс өршіп жатқанында. Қамыққан көңілдерді жаншып, таптап, Қайғының қара бұлтты жапқанында.

Соғыстан соққан дүлей қара ауыл, Қаралы ел, қаралы жұрт, қаралы ауыл. Айрылған талай асыл азаматтың, Жүрекке түскен зіл мен жара да ауыр.

Талпынып өмірге енді енгенімде, Көрдім бе, сол кез жайын көрмедім бе. Өртіне соғыс салған, өршіп, жанған, Шарпылдым мен де жатқан жөргегімде.

Майданда оқтар қарша борап жатты, Көп өрлер елін қайта көре алмапты. Аттанған менің сегіз айлауымда, Жан әкем сол соғыстан оралмапты.

Білмеймін жөрген жан жарының да, Бейнәттің көрген талай орауын да. Көрсетпей қатарынан еш кемдікті, Өсірген төрт баласын бауырында.

Ардақтың, аяулым да, дара да аням, Қашанда қамқор бітсе сая да аням. Елкімнен кемдік көрмей есейгенбіз, Бауырында балапанды паналаған.

Жан аням бізді аялап, мәңгілеген, Естемей өстік сөзіміз әке деген. Қатардан бізді еңбір қалдырмады, Аңашым қолымыздан жетелеген.

Көп жайды аңғардым да, аңғармадым, Соғыстан соңғы күн жан жайлар малым. Біз үшін аням қол-тұл өңбек етті, Кездерін көргенім жөк алған дамыл.

Құн шықпай егістікте бұла алатын, Әсірәп шаршап тұла оралатын. Сонда да үйде дірімен тартушы еді, Кездерін көргенім жөк дем алатын.

Жұмылған жұмысына көкпе еріп, Елдегі қай істен де шеттемедік. Бау тасып, оқпен отап, егін егіп, Біздер де ерте есейіп кеткен едік.

Аңаның жұмыстағы соңына еріп, Біздер де көп бейнәтті көріп едік. Мектепте бастауышта оқысақ та, Қолхөздік мүшесіңдей болып едік.

Бала боп ойыңа бас бұра алмалық, Достармен допты да көп қуа алмалық. Алшұрқақ болып күнде жүргенменен, «Жасасын, партия!» деп ұрандадық.

Комсомол – партияның қолпанаты, Пионер – комсомолдың он қанаты. Павлік Морозовқа еліктедік, Өкени сатып мөлкі болған атық.

Кештерде алау жағып, дабыл қағып, Жас ұлан болып жандық, жаландыдық. Партия комсомолымен не айта да, Біздер серт, ант сөзіндей қабалдадық.

Қаһарлы кезең бұлтай қазандадық, Бой тіктеп, ел еңсесін жаза алмадық. Темірдей қатал тәртіп тігіреткен, Тұтас ел елестетті қазарманы.

Көрсетті қатыгездік күшін қатты, Бір ауыз артық сөзі үшін де атты. Алшыққан балаға уыс бидай алған, Ана да түрмелерге түсіп жатты.

Сыр бермес тарықанда, жабыққанда, Төзімді біздегідей халық бар ма?

Ерінбей еңбек етіп, мал өсіріп, Ерлігің солар елге танытқан да.

Еңбегі ел, Отанға ерен еді, Қайғысы, қасіреті де терең еді. Аяулы асыл жандар ауылдағы, Солардан көріп өстік өнегені.

Түсірдім көп жайды еске, түсірмедім, Түсімдім кей істерге, түсінебдім. Көтерген қаншама ауыр азап, мұңды, Мен де сол ел, халықтың ішіндемің.

Жапаймын жалған сөйлеп, жауырды көп, Ауыр кез, ауыр жылдар, ауыр міндет. Қиындық көрген халық арасынан, Қашанда айта аламын табылдым деп.

Алдымнан аласартпай талап тауды, Қаттың жаным солай қанаттанды. Осылай елу екінің соңы бітіп, Алғашқы он жылым да аяқталды.

Екінші белес

...Ғасырдың жиырмасыншы аспаны әлі, Соғыстан соңғы мұң мен жас баяғы. Екінші белесім мен он жылдығым, Елеулі өлеуі үштен басталады.

Ұмыттым, кей жайларды ұмытпадым, Атырып жүрген кезім үміт танып. Бар жайды бағамдауға шамасы бар, Мектепте мен төртінші сыныптамын.

Өзгерген қалауым да, талабым да, Қиындай түскен оқу, сабағым да. Қолхоздар іріленіп, біріккен соң, Келгенім жана мектеп, жана ауылға.

Жанадан осы жаққа қосылғалы, Көп жайдың бұл жақтағы тосын бәрі. Басқаны бастауыштан көрмеп едік, Оқимыз он жылдықта осындағы.

Көне жұрт «Бозарықтың» бойындағы, Сонда да ескі «Еңбекші» оймда әлі. Үлкен сай, ауыл, Ақкөл, туған үйім, Айналды сағиыныша соның бәрі.

Сол жақтың ұшсам деймін құсы болып, Сол жаққа елжіреймін, ішім еріп. Ақкөлім жатқан талай жағасында, Жүреді кейде менің түсіме еніп.

Жана жер «Мақпалкөл» деп аталатын, Айтатын «Еңбекшімен» қатар едім. Бұл жаққа пионер боп келген едім, Комсомол болдым енді атанатын.

Ел өсті, өсе түстім мен де бірге, Көбейді көңілге алып, көргенім де. Бастадым бастауыштан жырға талап, Кеудемде бір үмітті тербедім де.

Білуге жырдың бағдар, бағыттарын, Үйрену, ізденуден жалықадым. Мектепте және ауылда кітабы бар, Оқыдым ақындардың тауып бәрін.

Әр ақын жаңа гүлдей ашылатын, Жаңа жыр маржандай боп шашылатын. Сол жылдар үш томдығы жарық көрген, Айрықша әсер етті Қасым ақын.

Бір үміт тыншу бермей жас жанымда, Талпынып жырға қадам басқанымда. Асыл нұр көкірегіме ұялатып, Қасым-жыр жарқылдады аспанымда.

Секілді бір ғажабы сүйікті елің, Қасымдай асу бермес біз көрдім. Қасым-жыр шығар шыны, туы болды, Мендегі арман, мақсат, үміттердің.

Тау бұзып, нөсер жырға тас жаратып, Көрмедім одан артық асқақ ақын. Ақынның жыр кітабын аяладым, Түнде де болдым оны жастанатын.

Алла да талабымды құптады ма, Қасымдай әлде ақынның ықпалы ма. Мектебім құттықтады алғаш рет, «Лениншіл жаста» жырым шыққанында.

Атқарған жырдың алғаш үміт танып, Сол күнді әлі күнге ұмытпадым. Наурыздың он бесі еділ, елу сегіз, Мен онда тоғызыншы сыныптамын.

Көріңдім содан жиі баспаларда, Ұсақдым жырға сапар бастағанға. Ауылда ақын бала атандырды, Ағайын, ел, жұрт және басқалар да.

Зымырап жылдар жылжып өте берді, Есейтін мені де алға жетеледі. Толсып ойым да өсті, бойым да өсті, Демеймін өткен күндер бекер еді.

Балаң кез қалды артта балалықтар, Бойымда кішілерге ағалық бар. Көтеріп келе жатты ел де еңсесін, Көбейді ауылда да жаналықтар.

Ауылға алғаш рет жарық келді, Қуатын, кереметін халық көрді. Әр үйге, бағанаға орнатылған, Ән-жырды радио ағытты енді.

Талпынған алға жастың талабы мың, Кірпіш боп тіс сен де қалануың. Есейіп бозбалалық шаққа жеткен, Менің де көбейді енді жаналығым.

Үздік боп мектепті де тамамдадым, Қай жерде дедім ойлап жанар бағым. Баратын астанаға қаржы таппай, Амалсыз Қызылордада аялдадым.

Білмеймін таланым ба, талабым ба, Бір үміт жүрегімде жанады ма. Қосылды студенттер қатарына, Ұстаздық оқу орнын қаладым да.

Алдымнан аласартпай талап тауды, Жылдарым өсіп, толып, жаратқанды. Сонымен жетіс екінің соңы бітіп, Үшінші он жылым да аяқталды.



Қашанда қалауы артық, талабы ашық, Тез кеттім шулы ортаға араласым. Ой құдым, білім құдым, жыр да жаздым,

Жастық шақ думанымен жағаласым. Көп жайдың білесек те мәнісің де, Болатын жақсы, жаман бәрі ішінде. Сол жылдар сазгер аға Қалауовпен, Жазғаным «Қызылорда вальсін» де.

Алдымнан аласартпай талап тауды, Қатайып, жаным солай қанаттанды. Осылай алпыс екінің соңы бітіп, Екінші он жылым да аяқталды.

Үшінші белес

Тарихтың тартқан алға кесімінде, Ой, қиял өткен күндер елесінде. Аяулы алпыс үштен басталады, Үшінші он жылдығым, белесім де.

Бұл кезең жастық шағым, жанан шағым, Балқынған махаббатқа балдай шағым. Талпынып шығар биік тауды аңсадым, Жанымға жалау болар жайды аңсадым.

Аруды сүйем мен ел, сүйгіземін, Алқызды соған арнап түлді үземін. Балқимын оның отты жанарынан, Махаббат айдынында бір жүземін.

Зудайды уақыт тоқтап, тынбайды әрі, Жастық шақ жайлы жүрек тулайды әлі. Заман да құбылмалы, бұрылмалы, Жай мәлім алпысшының жылдардағы.

Көп алаң жұрттың ойы, көңілінде, Аудандар бір қосылып, болыңуды. Жоғары оқу орнын тамамдаған, Менің де көп өзгеріс өмірімде.

Бәрі де бір керемет болмағанмен, Кез екен қайталанбас ел да дұрған. Диплом алғаннан соң ұстаз болдым, Өңтүстік облыста жолдаммен.

Өмірдің жана ашқандай парактарын, Ұстаздық жолды сүйіп, қалап та алдым. Тек әскер қатарына шақырылып, Бір оқу жылын ғана аяқтадым.

Жылжыған жаймен өмір сапарында, Бұйырған дәм мен тұзын тағамым да. Жанында ұлы Горький қаласының, Бір жылдай болдым әскер қатарында.

Жыл жылжып, айлар әулап, алмасты қуң. Қашан да уақыт тоқтап алмас тыным. Әскердің қатарынан оралған соң, Елге кеп жұмысымды жалғастырдым.

Әр кезде ел, халықтың арасынан, Табылар талабыңа жаныңар жан. Қаланың іргесінде орын тепкен, Ауданнан жұмыс таптым жана ашылған.

Тасбөгер – жаңа ауданның орталығы, Ежелден еңбегіңе ер қалары. Төрт жылдай газетіңде қызмет еттім, Осында журналист деп ел таныды.

Шаттығы болған біздің алғаш үйдің, Осында отау тігіп, жар да сұйдым. Осында шын қуанып аңамды да, Тұсауын кестіргенім алғаш ұлдың.

Қарайтын жас сөбіге «інгізілген», Ұқсайтын нұрын шашқан күнге де аням. Ұйтқысы, берекесі үйдің – ана, Мұндайда қандай жүрек туаламаған.

Ананың көру бақыт қуаңғаны, Дедім мен мұны айрықша сыйы Алланың. Көбейді қолдан жылға немересі Бұл менің жеткен күткен шығар бағым.

Осында өсті ой, санам, ұғымым да, Өмірдің көрдім жеңіл, қиынын да. Алымнан қызметке ауыртқымға Ауданның бас партия ұйымында.

Демедім тым жауапты, ауыр ісі, Аудан мен жүретінім ауыл іші. Атаңдым мені білер көшілікке, «Стейтін райкомда сары кісі».

Осында қатал тәртіп қысқанымен, Көрдім деп айтам үлгі, нұсқаны мен. Бәрін де біз мүлтіксіз орындадық, Жоғары партияның нұсқауымен.

Димаштай болды ол кезде дана басың, Достасың Бас хатшымен араласты. Туған ел мүддесі үшін сондықтан да, Жүзеге ойлағаны талай асты.

Көңілі жұрттың тағы көтерілді, Ел жақсы нәтижеге жете білді. Саяси Бюрода боп Димаш аға, Еліне адал қызмет ете білді.

Алдымнан аласартпай талап тауды, Жылдарым өсіп, толып, жаратқанды. Сонымен жетіс екінің соңы бітіп, Үшінші он жылым да аяқталды.

Алдымнан аласартпай талап тауды, Жылдарым өсіп, толып, жаратқанды. Сонымен жетіс екінің соңы бітіп, Үшінші он жылым да аяқталды.

Мөртінші белес

Тарихтың тартқан алға кесімінде, Ой, қиял өткен күндер елесінде. Аяулы жетпіс үштен басталады, Төртінші он жылдығым, белесім де.

Отызым орда бұзар жасым ба еді, Алдымнан жана белес анылды енді. Жанымды жадыратқан, жалындатқан, Жастық шақ – өмірдің жасыл бөлі.

Бұл шақта барлығы да көтеремін, Бойымнан алау жағып, от өремін. Бағымды, бақытымды алдан күтіп, Жанымды жақсы істерге жетеледім.

Басқаша болды бағдар, бағамым да, Көбейді қанатты іс, қалауым да. Атырып жүрдім мінсіз алға қойған, Жауапты ауыртқым талабын да.

Олаймын жұмысымнан өңге нені, Сияқты түсінгендей ел де мені. Жылжытты мені үш рет қызметке, Бірінші хатшы маған сенген еді.

Көп үлгі ұялаған бір басында, Өзгеше тектілік бар тұлғасында. Атырып жүрдім Еламан Жүнісбаев, Бекітті қызметімді бюросында.

Жайым жөк жалған сөйлеп, жасқанатын, Өткір сөз тауды бұзып, тас жаратын. Халықтың тілі болған, үні болған, Газетті болдым енді басқаратын.

Ешкіме жөк берешек, аласым да, Біреуге жөк тайталап, таласым да. Туымды өзім тіккен төмендетпей, Жырымды жазып жүрдім асырында.

Білмеймін ұтылам не ұтарымын, Көп алам жырды қалп тұта білді. Алматы, жана «Жалын» баспасынан, Шығардым екі бірдей кітабымын.

Түсіңнен менде жырдың бар ұшқынын, Есімде сол бір кездер, алыс күнім. Кездесіп атақты ақын Тұманбаймен, Ұласты туыстыққа таныстытым.

Мөң-мөңдір тұма жырды жаза алатын, Тұмаған бір керемет, ғажап ақын. Елі де еркелетіп, қадірлейтін, Ауылдан шыққан асыл азаматын.

Жырлары әр жүректі өртеп отты, Еліне ақын аты ерте жетті. Атақты Облда ақын құлай сүйіп, «Тұма» деп баласындай еркелетті.

Өңбойы тулаған жыр, тұнған өлең, Достастым Тұмағадай тұлағанмен. Сүйгеннен Әбділдан айрықша еді, Ақынның ықыласы Сырға деген.

Жанынан жыр да беріп, нұр да беріп, Жүргенді ұнататын Сырға келіп. Көп көрдік он бойынан өнегені, Өзімен өлеңді де шындан едік.

Жыр болды оған елдің ту алғаны, Күлгені, шаттанғаны, қуаңғаны. Туған күн, жаңалығым болса толықты, Маған да әлденеше жыр арнады.

Талап бар, тағылым бар әр ісінде, Көп жайдың үйрететін мәнісің де. Сол жылдар айтқаным біріншінің, Жазғаным «Сырдария вальсін» де.

Бірінші басы зор күш, қуатты да, Жан еді жүзі жылы, шуақты да. Болды енді бар басыңға айтқызытын, Өн сөзің, әуенің де ұнатты ма.

Бәлкім бұл шығар менің бақ, таланым, Жаксының білу мерей жақтағаным. Бірінші басшымыздың әлі күнге, Шықтым деп сенімінен мақтанамын.

Өмірден өзі, жері өткенімнен, Өшпестей өнегесі көп те, білем. Үздіксіз он сегіз жыл басың болған, Талайлар шықты Елекке мектебінен.

Айтамын мен де соның бірімін деп, Көргенімні, қамқорлығын, жылуын көп. Қашанда алға қарай талпынамын, Қоғандай алға Елекке ірі міндет.

Таныды деген ғой ел талапты ерді, Жақсылар жақшыма көп қанат берді. Бағым да бақытым да солай жанып, Енгендей болдым мен де санатқа енді.

Алдымнан аласартпай талап тауды, Жылдарым жылжып өсіп қанаттанды. Осылай сексен екінің соңы бітіп, Төртінші он жылым да аяқталды.

Алдымнан аласартпай талап тауды, Жылдарым жылжып өсіп қанаттанды. Осылай сексен екінің соңы бітіп, Төртінші он жылым да аяқталды.

Алдымнан аласартпай талап тауды, Жылдарым жылжып өсіп қанаттанды. Осылай сексен екінің соңы бітіп, Төртінші он жылым да аяқталды.

Асыл адам айнымас

Сыр елінің ардақты азаматы, денсаулық сақтау саласының ардагері, талантты дәрігер, әкеміз Тілеулиев Тұранбек Мандайұлы 75 жасында өмірден өтті. Ол саналы ғұмырын жұртының мұнын арқалап адамға тек жақсылық жасау ұстанымымен, абыройлы ісімен, парасатты мінезмен, текті қасиетімен, мейірімділігімен, елдің ыстық ықыласына бөленіп, артында өшпес із, іргелі өнеге, асыл ұрпақ қалдырды.



1988 жылы Ленинград кейін Алматы қаласында дәрігерлер білімін жетілдіру институтында психология және психотерапия туралы дәріс алады. Қызығушылық танытып, өз бетінше білікті галиым А.И.Гройсманның «Жұмылдық психотерапия», К.И.Мировский «Аутогендік психотерапия», «Музыкалық терапия», «Компьютерлік диагностика» деген методикалар арқылы адам психологиясын емдеу білімін жетілдіріп отырды. Ешкімге кек сақтамайтын, ренжімейтін, таза ойлы, кісілер туралы келенсіз сөз айтуды қаламайтын да, тыңдамайтын да, тіл байлығы зор, үлкенің де, кішінің де тілін таба білетін. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары облыстық кеңес беру орталығына қызметке ауысады. Көпшіліктің күнкоріс жағдайы төмендеп кеткен, кейбіреулер жұмыстан қасқаруға ұшыраса, енді біреулерінің жұмыс орыны жабылып жатты. Жұмысы бар дегендердің өзі айлап жамақасына ала алмай, еңесің көтер алмай қалды. Осы көпшіліктің басына ауыртпалық түскенде қиылып, жүйкелері сүй беріп дертке шалдығып, иппа іздегендер психотерапевт Тұранбекке қаралуға келіп. Ол жүйкесі жұқарған жандарға қамқорлығын баршына аямай, мейірілене қарап, ем-дом жасап, көңіл-күйлерін жақсартып алардың алғысына бөленеді.

Ол 1946 жылы Қызылорда қаласында дәулетті отбасында дүниеге келді. Қиындығы мен машақаты мол дәрігер мамандығына деген қызығушылығы бала күнінен басталады. Бала кезінде кездейсоқ науқастанады. Сөйтіп ұзақ емделді. Әкесі Тұранбекті Кеңес одағының астанасы Мәскеу қаласына апарып, атақты дәрігерлерге қаратады. Сол дәрігерлердің бірегейі, дүние жүзінде әйгілі дара тұлға Гаврил Абрамович Илизаров баланы өзінің жеке Илизаров жүйесімен ағына тұрғызды. Басынан өткізген ауыр күндері, қиыншылықтары артта қалды.

«Дегенмен, оны дәрігерлердің күнделікті көрсеткен қамқорлығы, мейірімділігі сүйсіндіріп жас баланың пәк көңілінде, жүрек тұкірінде ұялайды. Отбасында Тұранбекке әжесі Алтынай Сен болашақта дәрігер боласын» деп отырады екен. Бала кезінде әкесімен Алматы қаласына қидырып барады. Қалаға барысымен бір кісілер күтіп алып, үйіне апарды. Кешкілік отбасына он шақты адам жиналып, отырыс болады. Қонақтар бір-бірімен әңгімелесіп, арасында әзіл-дәсіп, көтеріңкі көңіл-күйде отырады. Біраздан кейін тарқай бастайды. Арасында біре болған қазақтың әйгілі композиторы Шәмші Қалдаяқов столдан тұрғасымен бөлек шетте отырған Тұранбекке қарап «Бұл қай бала?» деп сұрайды. Қызылордалан қидырып келгені айтылады. Сонда құрметті композитор: «Мына баланы ешкім ренжітпесін, бұл – ерекше бала, болашақта халқына көп пайдасын тигізеді» депті.

Халыққа талант талантты алыстан таныды деген бар. Аты аңызға айналған композитордың айтқаны айнымай келген көрегендігіне тәнті болмасқа амал жоқ. Сөйтіп 1964 жылы қаладағы Ворошилов атындағы орта мектепті бітірген соң арман қуып, Алматыға аттанады. Алматы мемлекеттік медицина институтының «Педиатрия» факультетін 1974 жылы бітіріп, туған жерге оралады. Алғашқы еңбек жолын облыстық психологиялық диспансерінде балалар психотерапевті болып бастайды. Тұ



МУЗЕЙДЕГІ МҰРА

Өрнекте де өмір бар
Әжімбет ұста туралы білеміз бе?

Әжімбет ұста XX ғасырдың I жартысында Арал, Қазалы өңіріне танымал болған. Ол 1888 жылы дүниеге келген, 1937 жылы сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған, 1993 жылы ақталған.

Бірінші жары Алтыннан бала қалмаған. Екінші жары Қанымшадан Күләй есімді қыз бала және кіші жары Байсұлудан Мәулекеш, Ұлаш және Болған есімді қыздары болған. Алтын әжей Қанымшадан туған Күләй мен Байсұлудан туған Ұлаш қызды бауырына басқан. Ал, Қанымша әжей Байсұлудың үлкен қызы Мәулекешті жақын тартып, бауырына алған. Болған қыз өз аянысын қолында тәрбиеленген. Қазақ әйелдеріне тән кеңдік пен парасаттылықты айтсаңызшы... Әжімбет атаның артында ер бала қалмаған, дегенмен, інісінің баласына тегін беріп, Әжімбетов Әми деп өзгерген.

Ұстаның фотосы өкінішке қарай сақталмаған. Суретке түспеген де болуы мүмкін. Інісі Әлмежанбеттің қызы Рауаш 2018 жылы Алматыға арнайы барып, халық аузында жүрген образды мен ұрпақтарының бітім-болмысы негізінде суретшіге портретін салдырады.

Әжімбет ата түрлі өнерімен көзге ерте түскен. Ұсталығы ғана білетін жұрт ақындығын, суырып салмалығын, айтыскерлігін біле бермейді. Осы бір қасиет ұрпағы Тайыпқа дариған. Ағаштан түйін түйген ұсталық өнері ұрпағы Дастанның бойынан табылады. Ал, Алмағұлдың бойында атаның сөз өнеріне деген махаббаты, қолөнерге деген икемі, сурет өнеріне құштынысы байқалады. Гүлденген апамыздың балалары да – ағашты сөйлете білген шеберлер. Әжімбет атаның сегіз қырлы өнерінің барлығы болмаса да, бойындағы кей өнері ұрпақтарының бойынан табылып жатыр. Бұл – қуантарлық жайт, – дейді Айымқұл Тасмағамбетова зор мақтаншыпен.

Расында, неге мақтанбасқа?! Халық арасында Әжімбеттің Бағым кызбен айтысы жиі айтылады. Халықтың көзайымына айналған, серлік құрған, шымшыма өлеңдерімен, қағытпа өткір сөздерімен белгілі болған бизнесі басқа қырынан ашылып, қайта жаңғыруда.

Айымқұл апа тағы бір сөзінде: «Ата-тегінде өнері адамдар болды дегенді естіген жоқпыз, дегенмен, қару ұстаған батырлар болған. Шалқошқар, Әлібек батырлар – біздің бабаларымыз. Шалқошқар батыр – ұлы атасы. Жасы 70-ке келсе де, жауға қарсы шапқан, қайың шоқпары тақымында жүрген. Зейнолла Шүкірөттің «Сыр бойы» романында ол туралы айтылады» делі.

Әжімбет Қарайғырұлы араб, парсы тілдерін білген, діни сауатты болған. «Әжімбет айтты» деген ел аузында әнгіме көп. «Алаш» партиясының қайраткерлерімен байланыс жасаған. Әйелдерінің айтуы бойынша, бір айдай уақыт жоқ болып кетеді екен. Қайда барғаны, кіммен араласқаны белгісіз, немен айналысқанын ешкімге тіс жармаған көрінеді. «Алаш» партиясының съезіне қатысқаны туралы «Қазақ» газетіне жазылған. Газет бертінге дейін сақталып, 1980 жылы жоғалып кеткен.

Қазақ даласында ұлы өркеніеттердің болғаны тарихтан мәлім. Сол өркеніеттердің өріс алып, кең қанат жаюына сүбелі үлес қосқан өнердің бір түрі бұл – қазақтың зергерлік, ұсталық қолөнері екендігін ешкім де жоққа шығара қоймас. Зергер деген кім? Зергер – асыл тастан, алтыннан, күмістен сәнді бұйым жасайтын ұлкен өнер иесі. Зергерлік бұйымдарды халық пайдаланып, қолданатын болған соң, демек, зергер ол – халықтың адамы. Әжімбет Қарайғырұлының бойындағы өнердің бірі – зергерлік. Қазақ мұндайда «Шебердің қолы ортақ» деген макалды тегін айтпаған болар. Онер тұрғысынан алсақ, бұл – тәжірдің өзі берген шеберлік. «Ұзынсыз қысқа болмас, үлгісіз ұста болмас», «Ұсталы өзі өзгер, ұстаысыз ел тозар» деген сөздің елізнен-ақ ұсталардың ел өміріндегі маңызының қаншалықты зор екенін түсіну қиын емес.

Әжімбет ұста әйелдеріне, қыздарына арнап әшекей бұйымдар жасаған. Оның қолынан шыққан бірнеше күміс әшекей бұйымдар музей қорында сақтаулы. Олар – білезік, шаш-

бау, жүзік, түйме. Білезікке өсімдік пішіндес ою ойылған, жиегі нүктелеу әдісімен әрленген. Білезіктің тоғысатын екі ұшында арнайы қоршалып араб қарпімен жазылған жазу бар. Жазуға түсініктеме беру – болашақтың енішінде. Құстұмсық жүзіктің қар ортасы мен айналасына бидай масағы тәріздес, өсімдіктестес ою түскен. Ал, ортаңғы алақанында симметрия сақталып, қос итқұйрық оюмен бедерленген. Жүзіктің ұшында дөңгелектер жинақталған. Бұл – құстұмсық формасын беруде әдемі зергерлік шешім. Ал, шашбаудың бөлігі тиындардан соғылған. Қос тиынның ортасы шексіздік формасында жасалған бекіткішпен өзара байланысқан. Түйме (ілгек) овал формала, айналасы күміс, ортасы қызыл ақыпен әрленген. Жоғарғы бөлігінде күміс дөңгелектер жиянтығы көрініс тапқан, ал төменгі бөлігінде ілгегі орналасқан. Түйменің жоғарғы бөлігінен орта тұсына дейін бидай масағы тәріздес күмістен тілік түскен. Зергердің қай бұйымын алсақ та, қазақ қолөнерінің биік үлгісін көре аламыз.

Халық арасында Әжімбет ұстаның қара дүкені жайлы айтылады. Қазір дүкен оры қоршалып, қасына арнайы белгі қойылған. Тақтада: «Өтеулі Қарайғыр баласы Әжімбеттің қара дүкенінің орны. 1937-1997» деген жазу бар. Атылған жылы мен дүкен орнының қоршалған уақыты жазылған болса керек.

Халық ұғымында ұста дүкені киелі саналған. Сондықтан, ұсталар мен зергерлер жұмыс орнын, яғни дүкенін ашқанда немесе жаңа жерге көшірген-



де арнайы мал сойып, ауыл-аймағын шақырып, ұсталар пірі Дәуіт пайғамбарға арнап құран оқытады. Көптің батасын алады. Ұста дүкеніне барған адам тазаланып, сәлем беріп кіреді. Мұның бәрі – ұстаға, ұста дүкеніне деген құрмет. Қара дүкеннің осындай қадір-қасиетін білген Әжімбет ұстаның ұрпақтары Рауаш апаның түсінде берілген аянмен дүкен орнын тауып, қоршап, арнайы белгі орнатты. – Ел егемендігін алғаннан кейін Әжімбет атаның мұрасы ұрпақтары тарапынан жан-жақты зерттеле бастады. Інісінің қызы Рауаш 1997 жылы ұста дүкенінің орнына белгі қойды. Ол кісі Арал қаласында ұзақ жылдар бойы тіс дәрігері болып жұмыс жасады. «Мен Әжімбет атамызды түсімде көріп жүрмін. Ұрпақтарымыз ұста дүкеніне апар, тілеухана сал деп жатыр» деп, 2003 жылы қоршап тілеухана салды. «Менің ұрпақтарымызды 7 жыл алып кел, кейін өлдері іздейтін болады» депті. Содан жыл сайын шілде айының аяғында тілеухананы зиярат етіп, құран бағыштап, атаның өмірі мен өнері туралы әңгімелер айтып, еске түсіріп жүрміз. Бұл үрдіс дәстүрге айналды», – дейді жиегі Айымқұл апа.

Ұста дүкені – киелі орын. Онда бір қасиет бар. Өйткені, халық дүкендегі көріктің қалдығын сұрап алып, суға салып жуынып, денеге шыққан жарасына ем қылады. Бала көтере алмай жүрген әйелдер дүкенде түнеген, төске тәу еткен. Бұл От-ана деген құдіретке сыйынудан қалған. «Адамның анасы – от, аспандағы көзі – күн» деген бабаларымыздың зороастризмдік дүниетанымы отты киелі құбылыс санап, оны пір тұтқан. Ұста дүкенінің орнына аян көмегімен тілеухананы салынуы бекер емес. Қазір қара дүкен – өз уақытындағы қызметін атқармаса да, халық үшін маңызды, киелі орын. Сталиндік қызы қырғынның құр-

бағын Кеңес үкіметінің алғашқы кезінде ол ел басқару ісіне араласқан. Арал ауданындағы Қасқакұлдан қолхозы төрағасының орынбасары қызметін атқарған. Байсұлуды әжейдің айтуына, тұтқындар алдында Алматыға барып қайтыпты. Ұсталарын білген соң Алматыдағы досы Меңдібүлла Күзембаевқа барып, жағдайын айтқан болу керек. Артында М.Күзембаевты «халық жауы» деп тұтқындаған. Әжімбетті де «Меңдібүлланың құйыршығы», «Ахмет Байтұрсынұвын сыбайласы» деген айыппен тұтқындаған. Осы айыптардан кейін 1937 жылдың 17 тамызында Қазалы аудандық НКВД бөлімінің қаулысымен тұтқынға алынып, қылмыстық іс қозғалған. Тұтқындар алдында Әжімбет бір жаманшылықты сезгендей жасаған бұл дүниесін, мұрасын теңіз қойнауына жасырған. Өкініштісі, кейін ол дүниелер ұрланып кетеді.

1993 жылғы 14 сәуірде жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заңына сәйкес Әжімбет Қарайғырұлы қуғын-сүргін құрбаны деп танылып, ақталды.

Ол бармағынан бал тамған шеберлігімен қоса, егін егудің әдіс-тәсілдерін өте жетік меңгерген екен. Туған-туысқандарына тың жерлерге егін егуді үйретіп, еңбекке баулып отырған. Өз ұрпақтарын асырап-баққан. Екіншіден, ғылымға ден қойған кісі. Тұтқындар алдында өзінің жинаған кітаптарын тығыл-жасырған деседі. Ұрпақтары әлі күнге дейін таппай жүр.

Үшінші ерекшелігі – мерген болған. Мергендігі туралы аңыз-әңгімелер өте көп.

– Мәулекеш шешем айтып отыратын. Өкем аңшылықтан келгенде бір қайық күс пен балық алып келетін еді. Соны әкелеріміз түнімен тазалап, үйден үнемі ас ішетін ағайындарға дайындап беретін, – дейді Айымқұл апа.

Өмір салты өзгере келе, төл мәдениетіміз небір асылынан айырылып қала бастады. Дейтұрғанмен, қазір ел ішіндегі мейітан шешерлер ұлттық дәстүріміздің, ұлттық бірегейлігіміздің нышан-белгісін жоғалтпай, қолдан келгендерін ортаға салып, өнерді жалғастырады. Сыр өлкесінің қолөнер шеберлерінің бастауында тұрған Әжімбет Қарайғырұлының қолынан шыққан барлық асыл бұйым атаулысы, ең алдымен, шебердің өз жанынан терең орын алған күйден туған. Ұстадан қалған әр жәдігер солай сөйлейді.

Әйгерім БЕКҚҰЛНОВА, облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі (Соңы. Басы №19-20 сандар)



Қабілет қалай қалыптасады?

Қазіргі заман болашақ ұрпақтың ой-өрісінің шыңдалуын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын талап етеді. Өркениетті елдер қатарына көтерілу үшін жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіру керек. Жас ұрпақтың бойындағы қабілетін көру, оны жетілдіру – ұстаздың сабақ берудегі шеберлік қасиеттеріне байланысты. Ж.Аймауытов: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаналап жананы табатын өнер» деген, яғни, оқу үрдісін жаналап ұйымдастыру, оқушылардың әрекеті арқылы ойдағы қабілетін жетілдіруге, шығармашылығын дамытуға негізделуі қажет.

Инновациялық технологияны пайдалану – өмір талабы. Жаңа нәтижеге бағытталған білім – инновациялық білім. Ол іскерліктің жаңа түрі. Оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технология енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияны қолданғанда, біріншіден оқытушы ұтады, яғни, ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, қызығушылығы артады. Екіншіден оқушының танымды кеңейтуді, білім сапасы да арта түседі.

Қазір техникалық мамандықтардың ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника мен-

герген адам озады. Осы орайда ҚР Президенті Жолдауында жүзеге асырылатын «Барша үшін тегін кәсіптік техникалық білім» жаңа жобасы – мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін жаңа теориялық, техникалық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы.

Кәсіптік білім берудің негізгі міндеті – белгілі бір көлемдегі білім берумен шектелмей, өз кәсібіне, өмірдің нақты жағдайларында қолданып, қоғамға пайдасын келтіру. Осы міндетті орындауда инновациялық технологияны пайдалану өмір талабы. Тәуелсіз мемлекетімізге еңбеккер, кәсіпін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-

жакты қолдана білетін мамандар қажет. Еліміздің экономикасына елеулі үлесін қосатын, білікті кәсіп иесін дайындау, экономикалық бәсекеге қабілетті барынша дайын кәсіптік техникалық саланың мамандарын әзірлеу – білім мекемелерінің алдында тұрған маңызды міндет. Бұл міндеттен мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету мақсаты туындады. Ол үшін оқу үрдісіне білім берудің жаңа бағдарламалары мен оқыту технологияларын енгізу қажет.

Еліміздің болашағы жастарға техникалық білім беруді жақсарту уақыт талабы. Жас ұрпақ өз ұлтының құндылықтарын бағалай білетін ұстамады, алғыр, жан-жақты, дарынды, шығармашылық, зерттеу жұмысын жүргізе алатын тұлға болуы керек. Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс.

Ләззат ЕРКЕБАЕВА, С.Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің оқыту санатты өндірістік жоғару шебері

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тыйым салынады: - пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға - пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге - бекітілген іінтірегін қлапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғыға оқиғаларға себеп болады - газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға - желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға - газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға - жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға - қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтырғыш газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.

ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ МАУСЫМЫНДА 153 АДАМ ЗАРДАП ШЕКТІ 50 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР! Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИСІ СЕЗІЛСЕ: 1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек 2. Бөлмені желдету керек 3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады 4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО КӨЛЕМІ) 0,08% Жеңіл Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі. Дәрігер шақыру Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін іскетіп, кофе немесе қызыл шай ішізуге керек. 0,32% дейін Орташа Қозғалудың қиындауы, естен тану. Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатысу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет. 1,2% жоғары Ауыр Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады). ГАЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕЛЕФОНЫ 104 КазТрансГаз